

Жамбыл облысындағы Амангелді газ кен орнын пайдалануға беру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 маусымдағы N 592 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 мамырдағы N 406 Қаулысымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.04 N 406
Қаулысымен.**

Жамбыл облысының аумағында газ өндірісі саласын құру үшін газ кен орындарын игеруді ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Жамбыл облысының әкімі "Сенім" және "Қазақгаз" мемлекеттік холдинг компаниялары, "Жамбылалаугаз" акционерлік қоғамы және Ресейдің "Газпром" акционерлік қоғамы құрған "Досбол" бірлескен кәсіпорны Жамбыл облысының Амангелді кен орнындағы газ қабаттарын игеру жөнінен жер қойнауын пайдаланушы болып белгіленсін және "Досбол" бірлескен кәсіпорнына осы кен орнын тәжірибелік-өндірістік пайдалануға беруге рұқсат етілсін.

Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі "Досбол" бірлескен кәсіпорнына осы кен орнын пайдалануға лицензия берсін.

2. "Досбол" бірлескен кәсіпорны құрылтайшы шартының:
- Амангелді кен орнында газ бен газ конденсатын өндіру және кешенді өндеу;

- Жамбыл облысының республикалық орталық газ құбыры желілерінен шалғай орналасқан селолық елді мекендерін газдандыруды;

дәлдеуді;

- "Досбол" бірлескен кәсіпорнының газ және газ конденсатының өнделген өнімін кедергісіз экспортқа шығару, өз қызметіне қажетті жабдық пен мүлікті бажсыз әкелу құқығын пайдалануын көздейтін негізгі қағидалар мен шарттары бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары және Жамбыл облысының әкімі "Досбол" бірлескен кәсіпорнын белгіленген тәртіппен жасасылған шарттың шенберінде барлық қажетті рұқсаттармен қамтамасыз етсін, сондай-ак осы бірлескен кәсіпорның қызметінің ұйымдық мәселелерін шешу кезінде жәрдем берсін.

4. Жамбыл облысының әкімі Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігімен және Геология және жер қойнауын қорғау министрлігімен бірлесіп, Жамбыл облысында мұнай-газ саласын құру үшін барланған гелий мен көмір-сүтегі газ кен орындарын игерудің бағдарламасын және оның шикізат базасын нығайту мақсатында Шу-Сарысу мұнай-газ бассейнінде геологиялық барлау жұмыстарын қайтадан қолға алу бағдарламасын өзірлесін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК